

Веренка жалпы негізгі білім беретін мектебінің

8-қазақ класында 2022-2023 оқу жылында

өткізілген тәрбие сағаттары жайлы

#### мәлімет

8-қазақ класының «Тәрбие сағаттары жұмысы» жоспарына сәйкес Білім күні жалпы класс сағаты өтті, тақырыбы «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және патриотизм». Қыркүйек айында өткізілген тәрбие сағаттары: Тілдер күніне орай «Тіл - тірегіміз, соғып тұрған жүрегіміз», А. Байтұрсынұлына – 150 жылдығына орай «Ахмет мектебі - тәрбие мектебі», «Менің мақтанышым – Рәміздерім». Қазан айында өтілген тәрбие сағаттар: «Қарты бардың-қазынасы бар», «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы», «Арайлы алтын күз» мерекесі, «Жолда жүру ережесін жадында ұста!» ЖЖЕ №1, «Таза әлем» Қалдықтарға екінші өмір сыйла! Оқушылар тәрбие сағат кезінде түрлі тапсырмалар орындап жүрді, оқушылар іс шараларға белсене қатысып, өз бойындағы түрлі өнерлерін көрсете алды. Оқушылар белсенді түрде сенбілікке де қатысып, ауылымызды қоқыстан тазартуға үлестерін қосты.

«Тәрбие сағаттары жұмысы» жоспарына сәйкес «Ер есімі- ел есінде. Т. Бигелдинов 100 жыл, М. Мәметова 100 жаста» тақырыбында тәрбие сағатын өткіздік.

15 қараша – ұлттық валюта күніне орай «Теңге-ұлт мақтанышы» тақырыбында дөңгелек үстел өтті.

Оқушылар өз ойларын еркін, ашық түрде жеткізе алды. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Кітапхана – адамгершілік-рухани тәрбие орталығы» тақырыбында мектепшілік кітапханаға саяхаттадық. Оқушылар өздеріне жақын кітаптарды алып оқып, ішіндегі қызықты тарихи мәліметтермен бөлісті.

Әрі қарай «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Кітап оқуға бес кеңес» тақырыбында өз ойларын ортаға сала отырып қызықты әңгіме дебат жүргізілді. Қазақстанның БҰҰ құрамына кіргеніне 30 жыл», 16 желтоқсан – Тәуелсіздік күні «Тәуелсіздік таңы атқан күн», Ұялы телефонның пайдасы мен зияны. ЖЖЕ №3 Жол жүргізушілердің көзімен, тақырыбында тәрбие сағаттар өткізілді.

Оқушылар өз ойларын еркін, ашық түрде жеткізе алды. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Кітапхана – адамгершілік-рухани тәрбие орталығы» тақырыбында мектепшілік кітапханаға саяхаттадық. Оқушылар өздеріне жақын кітаптарды алып оқып, ішіндегі қызықты тарихи мәліметтермен бөлісті.

Әрі қарай «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Кітап оқуға бес кеңес» тақырыбында өз ойларын ортаға сала отырып қызықты әңгіме дебат жүргізілді. Қаңтар, ақпан айларындағы тәрбие сағаттары толығымен өткізілді сыныптан тыс жұмыстарда ұйымдастырылды.

Наурыз айында Алғыс айту күніне орай бауырсақ партия ұйымдастырдық оқушыларымызмен бірге. Ұстаздарына алғыс айта отырып, ыстық бауырсақ таратылды. Оқушыларымыз апайларыда бәрі риза болып қалды.

Әйелдер мерекесіне орай «Мектеп аруы-2023» мектепшілік шарада Басжүлдені жеңіп алдық. Оқушыларымыз бәрі бірігіп атсалысты. Өз өнеріне топтық ән айта отырып би шығардық көрініс ретінде болды. Оқушыларымыз ұйымшылдықпен топтаса отырып атсалысты.

Ұлыстың ұлы күні Наурыз мейрамын мектепшілік деңгейде тойлады. Оқушыларымыз өнерлерін ортаға салып, қазақтың ұлттық ойындарын ойнады, Меркелік іс шарада белсене қатыстық. «Ата-ана жұмысында бір күн» әлеуметтік жобасы аясында оқушылар ата анасының жұмыстарына барып жасайтын қызметтерін көріп, біліп

қайтты. Қай істе де еңбектену қажет екенің біліп келді. Оқушылар арасында «Кім жүйрік?» интеллектуалды сайыс өткізілді. Ойлау қабілетімен, шапшандылығы мен тез әрі жақсы жауап берген оқушылар болды. «Әке- отбасы дінгегі» атты тәрбие сағатымызда, Әке жайлы мақал мәтелдер мен бөлісіп, әке жайлы шыр шумақтар оқыды және де фотосуреттермен оқушылар отбасын көрсетті. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Кітап - сарқылмас қазына» мәнерлеп оқу байқауы класс ішінде ұйымдастырылды. Жолда жүру ережесі бойынша тәрбие сағаты өтілді. Жол тәртібін білейік! Бағдаршам. ЖЖЕ №4. Бірлік күніне орай «Бірлігі жарасқан, Тәуелсіз Қазақстан» халықтар достығы фестивалі тақырыбында өтілді. «Ән көңілдің- ажары. Р.Бағланова -100 жаста» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді және өміріне шолу жасады. «Досы көпті жау алмайды» тақырыбында тәрбие сағаты өтілді. «Алақай жаз!» Жазғы демалыс кезіндегі балалардың өмір қауіпсіздігі жайлы түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Оқушыларға жазғы демалысты тиімді ұйымдастыру жолдары айтылды.

Қорыта келгенде, 8-қазақ класында жылдыққа жоспарланған тәрбие сағаттары толығымен өткізілді.

8-қазақ класының жетекшісі:



Наурызбайұлы Е